



Бекітемін
Мектеп директоры
М.Саметов

2024-2025 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Жаңа оқу жылы құтты болсын!» Ата-аналарды жылдық жоспармен таныстырып, ата-аналар комитетін сайлау.	Қыркүйек	А.Амиракулова
2	Ата-аналарға кенес: «Балаларды жыл мезгіліне сай киіндіру» Қ.Р. күніне орай әнұран айту және тақпақтар айту. Баяндама: Кітапханаға саяхат «Мектеп жасына дейінгі балаларды кітапқа деген қызығушылықтарын және ұқыптылыққа тәрбиелеу»	Қазан	Кітапханашы А.Амиракулова
3	Күз мезгіліне арналған «Алтын күз» атты іс –шара өткізу. Өңгіме: Балалардың денсаулығына, тазалығына мән беру.	Қараша	А.Амиракулова Ата-ана
4	Жиналыс 1. «Қош келдің Жаңа жыл» Ата-аналармен жыл кешін өткізу, сахнаны безендіру, ойындар ұйымдастыру. 2. Өр түрлі мәселелер	Желтоқсан	А.Амиракулова Ата-ана
5	1. Кеңес: «Тұмау өте қауіпті».	Қаңтар	А.Амиракулова
6	Ашық сабақ және «Шынықсан шымыр боларсың» атты іс-шара өткізу.	Ақпан	А.Амиракулова
7	Жиналыс 1. 8-Наурыз, 22-Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктеріне дайындық.	Наурыз	А.Амиракулова Ата-аналар
8	Жиналыс: 1. «Алақай жаз келді!» жазғы сауықтыру шаралары және жылды қортындылау.	Мамыр	А.Амиракулова

Хаттама 1

Ата-аналар жиналысы:

02.09.2024 ж

Қатысқандар

Қатыспағандар:

Қаралатын мәселелер.

1.«Жаңа оқу жылы құтты болсын!» Ата-аналарды жылдық жоспармен таныстырып, ата-аналар комитетін сайлау.

Тындалды:

Күн тәртібінде

Даярлық топ жетекшісі ең алдымен барлық балаларды 1 қыркүйек білім күнімен құттықтап, олармен танысып өтті. Ата –аналар жиналысында балалардың сабаққа келу уақытын, формаларын, және қандай кітаптармен оқитындары туралы айтып өтілді. Сабақтан қалмауын ескеріп өтті.

Ата-аналар жұмыс жоспарымен таныстырылды. Ата-аналарға балалардың қайтатын уақытында өздері келіп алып кетуімен таныстырып өтті. Даярлық топ жетекшісі Ата-аналар комитетін сайлауды ұсынды. Соның ішінде Ахатай Аида ата –аналар комитеті болып сайланды. Оның көмекшісі ретінде Мырзабек Айгерім болып сайланды.

Даярлық сыныптың құжаттарымен, бағдарламамен топ жетекшісі таныстырып өтті.

Жиналыс соңында төмендегідей шешім қабылданды.

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы жақсы өтілді деп танылсын.

Даярлық сынып жетекшісі: А.Амиракулова

Хаттама 2

Ата-аналар жиналысы:

22.10.2024 ж

Қатысқандар

Қатыспағандар:

Қаралатын мәселелер.

1. «Балаларды жыл мезгіліне сай киіндіру»
2. Қ.Р. күніне орай әнұран айту және такпақтар айту.
3. Баяндама: Кітапханаға саяхат «Мектеп жасына дейінгі балаларды кітапқа деген қызығушылықтарын және ұқыптылыққа тәрбиелеу»

Тыңдалды:

Күн тәртібінде

Даярлық топ жетекшісі ең алдымен барлық балаларды күз мезгілдеріне арналған жылы киім киуді айтып өтті. Қазір күннің суына байланысты балалардың, ауыратындары бар, сол үшін балаларға жылы киім киуді ескерді. Даярлық сынып жетекшісі Амиракулова Альбина апай сыныпқа Республика күніне орай іс-шара өткізілгенін айтып өтті, балалар қызығушылықтарымен қатысып әнұран айтып, Республика күніне орай такпақтарын айтып, ойындар ойнатылғаны туралы айтылды. Іс шара жоғарғы деңгейінде өтті, балалар өте жақсы дайындалғаны көрініс тауып тұр.

Келесі мәселе бойынша даярлық сынып жетекшісі Альбина апай балаларды мектептегі кітапханамен таныстырып, көптеген ертегі кітаптарды оқып берді, балалар қызығушылық танытып,

Даярлық сынып жетекшісі Амиракулова Альбина апай Аптасына екі үш мәрте кітапханаға кіруді ұсынды. Балалар кітапханада кітапханашы апай жұмыс істейтінін білді көптеген ертегі кітаптар бар екенін көрді.

Жиналыс соңында төмендегідей шешім қабылданды.

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы жақсы өтілді деп танылсын.

Даярлық сынып жетекшісі:

А.Амиракулова

Хаттама 3

Ата-аналар жиналысы:

15.11.2024 ж

Қатысқандар

Қатыспағандар:

Қаралатын мәселелер.

1. Күз мезгіліне арналған «Алтын күз» атты іс –шара өткізу.
Өңгіме: Балалардың денсаулығына, тазалығына мән беру.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде

Ең бірінші мәселе бойынша даярлық сынып жетекшісі Амиракулова Альбина апай Алтын күз атты іс-шара өтілгені туралы айтып өтті. Іс шара өте жоғары деңгейде өтілгені туралы, іс шарада қыздардың аналары өздерінің қолдан жасалған сәндік көйлектерін ортаға шығып көрсетілгені туралы, жемістер мен көкеністер туралы ертегі қойылымын қойғандары туралы, тақпақтар айтылғаны туралы айтылып өтті. Ақылбек Балым Ерқасымқызы мен Қыдыркүл Альтаир Қасымханұлы ертегі қойылымының жүргізгендерін ескеріп өтті.

Динара апай Ата-аналарға кеңес айтты Балалардың тазалығына үлкен мән беріңіздер, әр Дүйсенбіде тырнақтарын алып, шаштарын қысқарту туралы айтылды.

Ұсыныс: Даярлық сыныптың балаларына көптеген іс-шараны өткізіп отыруға ата-аналар ұсыныс тастады.

Жиналыс соңында төмендегідей шешім қабылданды.

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы жақсы өтілді деп танылсын.

Даярлық сынып жетекшісі: А.Амиракулова

Хаттама 4

Ата-аналар жиналысы:

26.12.2024ж.

Қатысқандар

Қатыспағандар:

Қаралатын мәселелер

1.«Қош келдің Жаңа жыл» Ата-аналармен жыл кешін өткізу, сахнаны безендіру, ойындар ұйымдастыру.

2. Әр түрлі мәселелер

Күн тәртібінде

Ең бірінші мәселе бойынша даярлық сынып жетекшісі Амиракулова Альбина апай Ең бірінші Жаңа жылдық тақырыпқа оралды «Қош келдің Жаңа жыл!» атты тәрбие сағаты өтілетіні туралы айтып өтті. Ата-аналарға жаңа жылға дайындықты сыныпта болатынын айтып өтті. Жаңа жылдық тәрбие сағатында сыныпты безендіру туралы, балалардың жаңа жылдық киімдерін киіп келетіндерін түсіндіріп өтті. Жаңа жылдық мерекемізде сыныпта балалар тақпақтарын, өлеңдерін, аяз атамызға айтатынын Альбина апай таныстырып өтті, Ата аналар жаңа жылдық мереке жайлы өз ойларын ортаға салды.

Қош келдің, Жаңа жыл! атты тәрбие сағатымыз 29 желтоқсан сыныпта өтілетінін айтты. Ата аналарға балаларына сыйлықтар жасауын айтты.

Ұсыныс: Келер жылы Жаңа жылдық мереке үлкен қылып Үлкен шыршы тігіліп өтілсе деген ұсыныс тастады.

Жиналыс соңында төмендегідей шешім қабылданды.

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы жақсы өтілді деп танылсын.

Даярлық сынып жетекшісі: А.Амиракулова

Хаттама 5

Ата-аналар жиналысы:

22.01.2024ж.

Қатысқандар

Қатыспағандар:

Қаралатын мәселелер

1. Кеңес: «Тұмау өте қауіпті».

Күн тәртібіде

Ең бірінші мәселе бойынша даярлық сынып жетекшісі Амиракулова Альбина апай Ата-аналарға өз кеңесін айтты яғни «Тұмау өте қауіпті» атты жиналысымызға қош келдіңіздер. Альбина апай осы Тұмаудың алдын алу жолдары туралы ата аналарға кеңес берді, балаларды жылы киіндіріп жүруді айтып кетті. Қазір Тұмаудың өте қауіпті екенін және көптеген балалалардың ауырып жатқанын айтып өтті.

Ұсыныс: Тұмаумен ауырған балалардың ата аналарына сабақтан қалған жағдайда справкамен келуді ұсынды және сынып жетекшіге ауырып жатқаны туралы ескертіп отыру.

Жиналыс соңында төмендегідей шешім қабылданды.

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы жақсы өтілді деп танылсын.

Даярлық сынып жетекшісі: А.Амиракулова